

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 қарашадағы "Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Нұсқаулығын бекіту туралы" N 242/11 қаулысына толықтыру енгізу туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 266/10 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 27 қыркүйекте N 3073 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 70/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, Павлодар облысының сумен қамту, жылумен және электр қуатымен жабдықтау жүйелерінің іркіліссіз қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 қарашадағы "Коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру нұсқаулығын бекіту туралы" N 242/11 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

Павлодар облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 242/11 қаулысымен бекітілген коммуналдық меншік объектілерін кейіннен өтеуін төлеп алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру Нұсқаулығының 5-тармағы мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сумен қамту, жылумен және электр қуатымен жабдықтау объектілерін сенімгерлік басқаруға тапсыру монополияға қарсы уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметада көзделген шығындар сомасы мен көрсетілген объектілерге амортизациялық аударымдар шегінде Пайда алушының мүддесіндегі жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау шартында жүргізіледі."

2. Осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Облыс әкімі